НАЗАР
Кадрлық резерв қалыптасады
2

МЕРЕЙ

Сыр елі үшін үлкен қуаныш
3

ЫРЫС

Қырманға кел, қалқатай!
4

ТАРИХ

Батыр сыйлаған қылыш
4


# Сыр бойы

90 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№164 (19842)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

31 қазан /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл


ПРЕЗИДЕНТ

## «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» АЙРЫҚША БЕЛГІСІН ТАБЫСТАДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға екі күндік сапарында Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовті қабылдап, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының «Алтын жұлдыз» айрықша ерекшелік белгісін табыстады.**



Қазақстан Президенті көрнекті жазушының ұлттық әдебиетіміздің әлемдік деңгейге көтерілуіне қосқан елеулі үлесіне тоқталып, қазақ әдебиетінің абызын 95 жылдық мерейтойы қарсаңында еліміздегі жоғары наградамен марапаттағанын атап өтті.

– Сіз халқымызға керексіз. Сондықтан сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс, бақ-береке тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әбдіжәміл Нұрпейісов Мемлекет басшысына алғыс айтып, Тәуелсіз Қазақстанды өркендету жолындағы жұмысына табыс тіледі.

Оңтүстік астанаға сапар аясында Қазақстан Президенті «Алматы – 2050» даму стратегиясымен танысты. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Алматы – 2050» даму стратегиясының жобасын таныстырды.

Аталған бағдарлама бойынша Алматы қаласын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, тұрғындардың тұрмысын жақсарту, қауіпсіз қала қалыптастыру, шаһардың шеткері аймақтарының инфрақұрылымын дамыту және басқа да көптеген маңызды мәселелер атқарылады. Сондай-ақ Алматы агломерациясы аумағының даму барысы да қарастырылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев баспана кезегінде тұрған, Балалар үйінің 12 тәрбиеленушісіне пәтер кілттерін табыс етті. Жалпы Алматы қаласының «Көккайнар» ықшам ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша баспанаға мұқтаж осындай 51 адамға тұрғын үй салынып жатыр.

Мемлекет басшысы «Tech Garden» инновациялық кластер орталығының жұмысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа инновациялық кластер орталығында орналасқан 4 технологиялық лаборатория, 50-ден аса IT компания мен бірқатар стартап жобалар туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Одан әрі Мемлекет басшысы Алматы қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Онда инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту, шағын және орта бизнестің өркендеуіне жағдай жасау, сондай-ақ, экологияны қорғау әкімдердің жұмысындағы негізгі көрсеткіш екені айтылды.

– Алматының атқарар рөлі өте маңызды. Қалада басқа өңірлерге үлгі болатындай көп жұмыс атқарылып жатыр. Дегенмен, қаланы әрі қарай дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрмыс сапасын жақсарту күн тәртібінен түспейтін міндет екенін ұмытпағанымыз жөн, – деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ, оңтүстік астананы дамытудың бірқатар нақты міндеттері атап өтілді.

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жасаған жұмыс сапары аясында «Мүгедек балалар ата-аналарының ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің БЦСА балаларға арналған белсенді оңалту және ерте жастан қолдау орталығына барды. Орталық мүгедек балалар мен қимыл-тірек аппаратында ақауы бар 18 жастан асқан адамдар үшін арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуге мамандандырылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев оңалту бөлмелерін аралап көріп, қызметкерлермен әңгімелесті. Мемлекет басшысына балалар мүгедектігінің алдын алуға, БЦСА-мен ауыратын балаларды көпжақты оңалтуға және жанжақты әлеуметтік тұрғыдан жетілдіруге бағытталған пилоттық жобаның жүзеге асырылу барысы туралы баяндалды.

Президент аталған жобаның ізгі мақсатын атап өтіп, оны бүкіл Республика көлемінде таратудың маңыздылығын айтты. Мұндай мекемелерді мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетіктерінің және демеушілердің қаржысына ашу қажет.

Мемлекет басшысы Орталыққа арнайы жабдықталған шағын автобус тарту етті.

Сапар кезінде Қазақстан Президенті «Инвестиция үйіне» барды. Мемлекет басшысына Алматы қаласындағы «Инвестиция үйінің» негізгі қызметтері жайында мәлімет берілді.

Қазақстан Президентіне кәсіпкерлікті қолдауға арналған «Qoldaý» орталығының, «Almaty Finance», «Almaty» микроқаржы ұйымдарының бизнесті өркендету бағытында атқарып жатқан жұмыстары туралы баяндалды. Кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған орталықтарды аралап көрген Президент қолға алынған бастамалардың табысты жүзеге асырылуына тілектестік білдірді.

Мемлекет басшысы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне барды. Қасым-Жомарт Тоқаев Жағдаяттық басқару орталығының жұмысымен, жоғары оқу орнының цифрлық технологияны енгізу жөніндегі жетістіктерімен, сондай-ақ, бизнес-құзыреттілікті дамыту кластерімен танысты.

Мемлекет басшысы студенттік кампус аумағында орналасқан «Керемет» қызмет көрсету орталығын аралап көрді. Бұл орталық «бір терезе» қағидаты бойынша студенттер мен оқытушыларға 500-ден астам қызмет түрін ұсынады.

БӘРЕКЕЛДІ!

**Жергілікті театр атауына ендігі жерде «академиялық» деген сөзді тіркеп айтамыз. Алпыс жылдан астам тарихы бар өнер ұжымы, оның сыртында Сыр елі үшін бұл – зор мақтаныш әрі жоғары баға.**

Назерке САНИЯЗОВА.

## Төл театрдың жоғары мәртебесі

Осы орайда өнер ұжымын облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасында құттықтады.

«Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымын театрдың «Академиялық» мәртебесін алумен құттықтаймын!

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облыстық Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры» КМҚК-на Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 қазандағы №800 қаулысымен «Академиялық» мәртебесі берілді.Бұл жаңалық – Сыр елі мәдениеті мен өнерінің деңгейі мен сала мамандарының тынымсыз еңбектерінің жемісі деп білеміз. Театр ұжымына шығармашылық табыс, береке-бірлік тілеймін!» делінген құттықтауда.

Театр 1955 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Қаратал аудандық колхоз-совхоз театрлары негізінде ұйымдастырылып, шымылдығы Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясымен түрілді. 1960 жылы Қызылорда қаласына көшіріліп, жеті жылдан кейін Нартай Бекежанов есімін иеленді. Өнер ошағының іргесін қалаған актерлар Т.Айнақұлов, Ш.Бәкірова, Ж.Бағысова, О.Әбдімомынов, Ш.Әбдібаев, С.Шотықов, Қ.Көпбаева, А.Манасбаев, Ш.Мәрденов, тұңғыш режисер Ж.Әбілтаев есімі театр тарихында алтын әріптермен жазулы.

Қазақ өнерін өрістетуге атсалысып жүрген ұжымның әр жылдардағы шығармашылық жетістігі бір төбе. Бүкілодақтық венгр, неміс, КСРО халықтары драматургиясы фестивальдарының лауреаты. Соңғы уақытта сырбойылық сахнагерлер алыс-жақын шет елдерге шығып, жаңа белестерді бағындырып жүр. Басты жетістік ретінде былтыр жазда Шотландияда өткен халықаралық «Фриндж» фестивалінен олжалы оралғанын айтуға болады.

«Жаңа әрі жоғары мәртебе бізге қуаныш сыйлаумен қатар, үлкен жауапкершілік жүктейді» деген театр өкілдері сенім үдесінен шығу жолында аянып қалмақ емес.

ӨҢІР ӨНДІРІСІ

## Сүт өнімдеріне сұраныс жоғары

**Таяуда ғана Тұрмағамбет ауылынан ашылған сүт өңдеу цехы қарқынды жұмыс істеп келеді. Бұрын ауыл халқы сүтін арқалап автобуспен қалаға тасыса, енді ол күндер артта қалды. Цехқа күнделікті сауған сүтін өткізіп, қолма-қол ақысын алып отыр.**

Дәулет ҚЫРДАН.



Ауыл тұрғыны Гүлмира Байтишованың бірнеше сиыры бар. Сауылған сүттің отбасынан артылғанын цехқа өткізеді. Қаражатын қолма-қол алады. Елді мекенде қазір сүт бағытында мал асырауға бекінгендердің де қарасы қалың.

– Сүтті бұрын қалаға, аудан орталығына апарып сататынбыз. Қаншама уақытың кетеді, оның үстіне жолақыңды есептесең, пайдаң азаяды. Ауылда цех ашылғалы бізге де кәсіп болды. Болашақта мал басын арттырып, сүтті молайту жоспарда бар, – дейді Г.Байтишова.

Алақандай ауылда Гүлмира сияқты келіншектер күніге кем дегенде 100-150 литр сүт өткізеді. Оның құрамы осындағы лабораторияда зерттеліп, майлылығы анықталады. Сүт жеткізілгеннен дайын өнім болып шыққанға дейінгі аралықта инженер-технолог Нұрай Тұрмаханова басы-қасында болады.

– Үлкен ыдысқа құйып, оның майлылығы анықталған соң процесс әрі қарай жалғасады. Майлы сүттен қаймақ, кілегей, майы алынбаған айран жасаймыз. Сепаратор арқылы қаймағын бөлек аламыз. Содан кейін айран жасалады. Мұның бәрі арнайы аппарат арқылы жүзеге асады. Табиғи өнім болғандықтан ұзақ сақтауға келмейді. Жарамдылығы небәрі 10-12 күн. Десе де, сол уақытқа жетпей өтіп кетеді, – дейді Н.Тұрмаханова.

Цехтың ашылғанына көп уақыт болмаса да халық игілігін көріп үлгерді. Мұнда айран, қаймақ, сүзбе, құрт, сарысу өңделеді. Тәулігіне 500 литр сүттен 1 тоннаға жақын өнім шығара алады. Мұндағы 21 млн теңге тұратын құрылғы Ресейдің Екатеринбург қаласынан әкелінген. Цехтың жанынан «Ақтайлақ» дүкені де ашылды. Өнімдерді осында сатады.

– Сұраныс жоғары. Аудан көлемінде жеткізіп береміз. Кеңес кезеңінде мұндай цех көршілес Ақжар ауылында болатын. Қазір жұртшылық дән риза. Елден 5 адамды жұмыспен қамтып отырмыз. Артықшылығы көп. Біріншіден, табиғи өнім. Екіншіден, елге кәсіп тауып беріп отыр. Сосын өз ауылымыздан ашылғанының өзі үлкен мәртебе, – дейді «Тұрмағамбет» ЖШС экономисі Нөсербек Тұрмағамбетов.

Шаруасы шалқыған шаруашылық елді мекеннің абаттануына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына едәуір еңбек етті. Сүт өңдеу цехынан бөлек жақында жаңа балабақша да бой көтерді. Мұның бәрі жергілікті жұртшылықтың игілігі үшін. Цехтың өнімдеріне халықтың көңілі толады. Бағасы да қалтаға қонымды әрі табиғи таза. Қолда бар шикізаттан дайын өнім шығарып, халықты қамтып отырған шаруашылыққа тұрғындар алғысын айтуда.

Қармақшы ауданы.

САРАП

**Қазіргі күні «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік» деген сөзге бәріміздің құлағымыз үйреніп қалды. Ал бұл термин бастапқыда Америкада пайда болған екен. Ол білім беру бағдарламаларын қаржыландыруда мемлекет пен жеке сектордың бірлесіп жұмыс атқаруынан басталған. Кейіннен 1950 жылдары қоғамдық пайдалану нысандарын қаржыландыру қолға алынса, 1960 жылдары қаланы модернизациялау мен қайта құруда жекеменшік кәсіпорындар қатысып, бұл байланыс нығая түсті. Осылайша мемлекеттік маңызы бар тас жолдар мен магистральдарды салу және пайдалануға беруде жеке меншік сектор негізгі рөл атқарды. Сол кезеңдерде Жапонияда бұл тәсілді пайдаланып, алғашында жеке сектордың қаржылай көмегі арқылы көпір салынған.**

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

## МЖӘ: Аймақ алғашқы бестікте

Ал мемлекеттік-жекеменшік серіктестік идеясының заманауи түсінігі, қайта жаңғыруы XX ғасырдың 80 жылдарында Ұлыбританияда туындады деп есептеледі. Бұл бағыт соңғы жылдары халықаралық және ұлттық деңгейде ең алдымен инфрақұрылымды дамытуға бағытталған инновация ретінде қабылданған. Десе де, билік пен жеке сектор арасындағы байланыс әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан қалыптасқан, яғни мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларының тарихы тереңде жатыр.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде бұған дейін ондаған жылдар бұрын құрылып, қазір жұмыс істеп тұрған инфрақұрылымдарды модернизациялау мәселесін көп жағдайда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы шешуде. Оның ішінде, әсіресе, сауықтыруды талап етіп отырған емхана, аурухана, балабақша және мектеп секілді әлеуметтік нысандар мен басқа да көптеген салаларға қатыстылары жетерлік. Оларды қалыпқа келтіруге мемлекеттің мол қаржысы жұмсалатын болғандықтан оны шешудің тиімді бір жолы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік байланысы болып отыр.

Еліміздің экономикасына нарықтық қатынастар дендеп енуіне орай осы бір ұтымды әрі тиімді тәсілдерге көңіл бөлініп, игеру қолға алына бастады. ҚР Үкіметі 2011 жылғы 29 маусымда 2011-2015 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту» жөніндегі бағдарлама қабылдаса, 2015 жылы «Мемлекеттік жекеменшік әріптестік туралы» заң қабылданды.

Аталған заңда мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің міндеттері анық көрсетілген. Мәселен, Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасау туралы міндеттері айқындалды. Сонымен қатар, инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің ресурстарын біріктіру арқылы мемлекет экономикасына инвестициялар тарту жайлы айтылған. Сондай-ақ халықтың, өзге де тұлғалардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі деңгейін және сапасын арттыру, Қазақстан Республикасындағы жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу жайы анықталды.

2-бет.

БАСПАСӨЗ – 2020



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2020 жылдың бірінші жартыжылдығына “Сыр медиа” ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

“Сыр бойы” газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.



*Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және баспасөз бөлімінде (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.*

**ЖОЛДАУ ЖҮГІ**

**Шиелі ауданының Талаптан ауылдық округінде аудан әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестің көшпелі отырысы өтті.**

**Кеңесте ауданның барлық ауылдық округтерінен өкілдер болды. Сондай-ақ, ауыл әкімдері, бөлім, мекеме басшылары, жастар қоғамдық бірлестіктерінің жетекшілері мен жастармен жұмыс жасайтын мамандар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.**

# Жастар кеңесінің көшпелі отырысы



Жастар кеңесінің ашылуында аудан әкімі Әшім Оразбекұлы Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттер жайлы айта келе, қоғамның даму барысындағы жастардың орны мен жүктелетін міндеттер туралы әңгіме өрбітті.

– Еліміздің әлем алдындағы беделі айқын. Осы биікке көтерілуімізге барлық қоғам мүшелерімен қатар келешегіміз – жастардың айтарлықтай үлесі бар. Алдағы уақытта жастар елдің өсуі мен ізгіленуіне белсенді атсалысуы керек. Бұл орайда мемлекет тарапынан қолдау көп. Осы мүмкіндікті әрбір талантты жас тиімді пайдалануы тиіс деп ойлаймын, – деді аудан басшысы.

Президент азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеп, алдағы жылы әл Фарабидің 1150 жылдық, Абайдың 175 жылдық мерейтойларын атап өтілетінін айтты. Ғұлама тұлғалардың еңбектерін халық арасында дәріптеуді үздіксіз жүргізе отырып, ең маңызды мереке – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына зор дайындықпен бару керек. «Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеуге жол ашатыны сөзсіз», – деді Әшім Оразбекұлы.

Жастар кеңесінің отырысында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының бағыттары аясында жұмыссыз жастарға көрсетілген қолдау шаралары барысы баяндалды. Талаптан ауылдық округінде мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы, алдағы жылдың Еріктілер жылы болып жариялануына байланысты атқарылатын жұмыстар туралы сала басшыларының хабарламалары тыңдалды. Аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының директоры А.Алдабергенов, Талаптан ауылдық округінің әкімі А.Өмірәлі, аудандық ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры Ш.Ныгметов өз мәліметтерін жұртшылық назарына ұсынды.

**Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.**
Шиелі ауданы.

# Жаңару жолындағы оң қадам

**Мемлекет басшысының халыққа Жолдауы қоғамның барлық саласына, соның ішінде сот және құқық қорғау жүйесіне зор міндеттер мен жауапкершілік жүктеді. Сот жүйесі мен заңнаманы реформалау негіздерін түсіндіру мақсатында өткен дөңгелек үстелде Қызылорда қалалық сотының төрағасы Мұхтар Еркінбеков азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері туралы сөз қозғады.**

**Шынар БЕКБАН.**

– Сот саласы тәуелсіздік алғалы бірталай реформаны бастан кешті. Осы жылдар ішінде үшінші биліктің құзыретін көтеріп, мүмкіндігін арттыратын заңдар қолданысқа енді. Мемлекетте қолға алынған бастамалардың нәтижесінде сот жұмысы сапалық жағынан да өзгергенін айта кету керек. Бұрын сот шешімдері жүйеленбеген, керек емес ақпараттардан тұратын. Қарапайым азаматтарға түсініксіз, ауыр заң тілінде жазылды. Қазір сот актілері қысқа және үйлесімді, заң терминологиясы артық пайдаланылмай жазыла бастады, – деді сот төрағасы.

Ең бастысы, енді іс бойынша шешім жарияланғаннан кейін судья процесс қатысушыларына қабылданған шешімнің уәждерін түсінікті, қарапайым тілде түсіндіріп, олардың сұрақтарына жауап береді. Бұл жаңашылдықтар тәжірибе жүзінде тиімділігін дәлелдеп берді. Өйткені, сот актілері бойынша жоғары тұрған сатыларға шағымданушылар саны анағұрлым азайды.

Жолдау аясында Президент бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыруды тапсырды.

– ҚР сот органдарының «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесі судьяларға шешім қабылдау кезінде көмектеседі. Сот тәжірибесімен, Жоғарғы Соттың талдауымен, тұжырымдамасымен танысуға болатын «Судьяларға көмек», «Сот практикасы» және басқа да модульдар мен сервистер бар. Осы арқылы республика бойынша бірыңғай сот тәжірибесі қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, Жоғарғы Соттың интернет-ресурсында кәсіби заңгерлер үшін және жалпы халықтың қолдануына арналған «Талдау» форумы қолжетімді. Осы орайда, соңғы жылдары электрондық сот төрелігіне ерекше көңіл аударылып отырғанын атап өту керек, – деді М.Еркінбеков.

Дөңгелек үстелде қалалық сот судьясы Г.Мырзатаева Жолдауда Президент сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформа азаматтардың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы екенін атап көрсетті. Реформалардың оң нәтиже беруі – «Сот төрелігі» жұмысын жаңарту жолындағы қадам. Талапты орындау тек сот жүйесі үшін ғана емес, әрбір қазақстандық үшін қойылған міндет деп түсінуіміз керек.

# Кадрлық резерв қалыптасады

**Сырдария ауданында партияның кадрлық резервіне іріктеу жұмыстары пилоттық жоба ретінде жүргізілуде. Осыған орай, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова, партияның Сырдария аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркебұлан Жақып баспасөз мәслихатын өткізді.**

**Шынар БЕКБАН.**

Брифингте А.Әлназарова пилоттық жобаның ерекшелігі туралы түсіндірді. Ал, Е.Жақып партияның кадрлық резервіне іріктеуге қатысуға өтініштер беру және партияның ядролық электоратын қалыптастыру ережелерімен таныстырды.

– Өздеріңізге белгілі, Елбасы, «Nur Otan» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басқаруымен партияның Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында Елбасы партия жұмысын жүйелі жаңғыртудың «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты бағдарламасын ұсынды. Жаңғыру бағдарламасы аясында Сырдария ауданында «Nur Otan» партиясының кадрлық резервіне іріктеу жұмыстары бастау алып отыр, – деді А.Әлназарова.

Партия төрағасы нұротандықтарға халыққа жақын болып, оның мұң-мұқтажын білу, қолдау, қоғамда туындайтын мәселелерді шешуге көмектесіп, халықпен кері байланыс орнатуды тапсырған болатын. Әрине, бұл мақсатқа жету үшін аймақтағы барлық партия мүшелері ел өміріне белсенді атсалысып, халыққа жақын болуы тиіс. Сонда ғана партия азаматтар үшін ашық әрі қолжетімді, халықтың мүддесін тиімді қорғайтын болады. Сырдария ауданынан бастау алып отырған іріктеу жұмыстарының негізгі мақсаты – жаңғыру бағдарламасында көзделген партияның ядролық электоратын қалыптастыру.




Ядролық электорат – бұл халықтың арасынан шыққан, оның барлық мұң-мұқтажын білетін, жаңа қоғамдық пікір иелерінің тобы. «Nur Otan» белсенді мүшелерін топтастыру арқылы бастауыш ұйымдардың ролін көтерумен қатар, халықпен, оның барлық әлеуметтік топтарымен нақты жұмыс істеу қағидасын да өз жұмысының негізгі мақсаттарының бірі ретінде жүзеге асырып келеді.

– Мемлекет басшысы резерв жастар үшін тиімді әлеуметтік лифтіге айналуы тиіс екенін айтты. Іріктеуге түрлі салалардың өкілдері, түрлі кәсіп иелері қатыса алады. Олар міндетті түрде мемлекеттік қызметкер болуы шарт емес, квазимемлекеттік сектор, жекеменшік сектор, азаматтық қоғам өкілдері бола алады. Іріктеуге сотталмаған және Сырдария ауданында тұратын 20 жастан асқан Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады. Кадрлық резервке тек партия мүшелері ғана емес, сонымен қатар «Nur Otan» партиясының қатарына қосылуға ниет білдірген азаматтар өтініш бере алады, – деді Еркебұлан Жақып.

Айта кету керек, Сырдария ауданында 24 бастауыш партия ұйымы, оның 3461 мүшесі бар.

# Қаржы жыл соңына дейін игерілуі тиіс

**Облыс әкімінің орынбасары Марат Делмұхановтың төрағалығымен құрылыс, жол, энергетика, жұмылдыру дайындығы саласы бойынша биылғы жылдың 9 айлық қорытындысы мен алдағы жоспарлар талқыланды. Жиында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Әбдіқалықов, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріков және жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабаев баяндама жасады.**

**Ержан ҚОЖАСОВ.**

Биыл жоспарда жоғарыда аталған басқармалар бойынша 149 нысан пайдалануға берілуі қажет. Өткен 9 айдың қорытындысымен осы басқармалар арқылы барлығы 47 нысан пайдалануға берілген. Оның ішінде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша 14-і берілсе, жыл соңына дейін тағы 19 нысан пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы 14 нысан өткізген, алда 61-і тапсырылады. Ал жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 27 нысанды пайдалануға берген, әлі 14-і бітпеген. Айта кету керек, осы басқарма жауапты Ширкейлі каналы мен Қазалы ауданындағы дария үстіне салынып жатқан «Әлсейіт» көпірінің құрылысы да осы жылы толық бітеді деген үміт бар.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы 21 нысанды пайдалануға берген, енді қалған 5-і жыл соңына дейін іске қосылады.

Дегенмен, басқармалардың жұмыстарында бірқатар кемшіліктер бар. Атап айтқанда, облысты газдандыру, тұрғын үй құрылысы, жылу, су, кәріз жүйелерін жаңғырту, жол, көпір құрылысы қарқынына әлі де көңіл толмайды. Бөлінген қаржы толық игерілмеген нысандар да бар. Мысалы, Белкөл-2 кентіндегі ауыз су жинау қоймасының құрылыс жобасына бөлінген қаржының 70 проценті игерілген, Досан ауылындағы ауыз су жинау қоймасының жобасына бөлінген қаржының игерілгені 37 процент қана. Қарауылтөбедегі ауыз су жинау қоймасы қаржысының 58 проценті, Талдыарал елді мекенінде ауыз су мен кәріз жүйелері құрылысына бөлінген қаржының 71 проценті игерілген.

Онлайн режимде болған жиналыста осы мәселе және өзге де атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы аудан әкімдерінің орынбасарлары да өз есептерін берді.

– Қаралып отырған мәселенің маңызы зор. Қойылып отырған талап пен жауапкершілікті сезініп, биылға жоспарланған нысандардың уақытылы іске қосылуын және бөлінген қаржының толық игерілуін қамтамасыз етуге тиістіміз. Осы ретте атап өтетін жайт, басқарма басшылары, басқарма арқылы қала мен аудандарға бөлінетін трансферттердің толық орындалуына өздеріңіз тікелей жауапты екендеріңізді естеріңізге саламын, – деді облыс әкімінің орынбасары.

**Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімі әлі күнге дейін нық емес. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағыттағы шараларды күшейтуді, полицейлерге, оның ішінде учаскелік инспекторларға тұрғындармен етене жұмыс жүргізуді тапсырды. Оған қоса қазір ведомстволық мекемелер үкіметтік емес ұйым өкілдерімен тығыз байланыс орнатты. Бірлескен істе береке бар. Мәселенің жолға қойылғандығы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де өткен кезекті семинар-тренингте анық байқалды.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

# Бірлескен істе береке бар

«Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара байланысы» тақырыбында өткен тренингке облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Әбілдаев, «Qorgau» жобасының үйлестірушісі Бағлан Сағынбай, «Бітім» медиация орталығының» директоры Ләззат Бақтыбаева мен «Ұмай» сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйінің директоры Анар Ізден қатысты. Спикерлер азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңбұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне қатысты пікірімен бөлісіп, ұтымды ұсыныстарын ортаға салды.

– Әрбір адам өз құқығын білгені, жалпы заң саласынан хабардар болғаны дұрыс. Сонымен қатар қоғамда болып жатқан әрекеттердің заңға қарама-қайшылығын немесе сәйкестігін сараптай алуы маңызды. Бұл орайда республикалық деңгейде түрлі шаралар қолға алынуда. Соның бірі – «Qorgau» жобасы. Оның аясында білікті заңгерлер тегін құқықтық кеңес бере отырып, тұрғындарға тығырықтан шығуға көмектеседі. Қазір еліміз бойынша осындай 210 орталық жұмыс жүргізуде. Жоба ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің және «Азаматтық бастамалар орталығы» КЕАҚ-ның қолдауымен жүзеге асуда. Жоба аясында заң факультетінің студенттеріне тәжірибелік тағылымдама ұйымдастыру, әлеуметтік заңгерлердің қауымдастығын құру қарастырылған, – деді Б.Сағынбай.

Басқосуда «Бітім» медиация орталығының» директоры Ләззат Бақтыбаева аталған жоба аясында облыста бірқатар шара атқарылғанын баяндады. Қала және аудандардағы «Жастар ресурстық орталығы» базасында заңгерлік кеңес беру жолға қойылғанын, бұдан бөлек 52 студенттің тиісті тағылымдамадан өткенін айтты. Қатысушылар тиімді жобаның тек белгілі бір мерзімде емес, толыққанды жұмыс жүргізгені екі тарапқа пайдалы екенін де жеткізді.

# МЖӘ: Аймақ алғашқы бестікте

Дегенмен, уақыт өте келе аталған заңның кейбір баптарына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап, ол 2017 жылы жүзеге асырылды. Осы өзгерістерге сәйкес МЖӘ жобаларын жүзеге асыру тетіктері жеңілдетілді. Қазір жобаларды дайындау үдерісі 5-тен 3 кезеңге азайды, соған сәйкес жобаны дайындау мерзімі 7 айдан 3 айға дейін кеміді. Бұл – әрине, үлкен жеңілдік. Ол өз кезегінде мемлекет пен жекеменшік әріптестік саласында іскерлік белсенділікті арттыруға септігін тигізді.

Қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында балабақша, емдеу-диагностикалық орталықтары, спортзалдар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы бой көтеріп, пайдалануға берілуде. Ал Қызылорда облысы – мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту бойынша еліміздегі бес үздік аймақтың бірі. Жүзеге асырылатын жобалар экономиканың барлық салаларын қамтып отыр.

Бүгінгі күні облыс бойынша экономиканың барлық салаларында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жалпы құны 34 млрд теңгені құрайтын 116 жобаны іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2019 жылға арналған облыстық бюджеттің шығындарында аталған МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауға 3,4 млрд теңге қаралды. Оның ішінде денсаулық сақтау саласына 747,3 млн, экология саласына 504,5 млн, әлеуметтік қамсыздандыру саласына 134,5 млн, білім саласына 925 млн, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына 702,6 млн, спорт саласын дамытуға 151,4 млн, мәдениет саласын дамытуға 136 млн, индустриалдық аймақты дамытуға 116,2 млн, цифрландыру саласына 77,9 млн теңге жұмсалады.

2019 жылы денсаулық сақтау саласында 15 медициналық мекемені кешенді жарақтандыру бойынша 4 жобаны іске асыру жалғасатын болады. Барлығы 157 медициналық техниканы сатып алу жоспарлануда. Жобаны іске асыру денсаулық сақтау мекемелерін медициналық техникамен жарақтандырудың ең төменгі стандарттарына сәйкес жабдықтауға мүмкіндік береді.

Осыған қоса, Арал ауданы Шижаға және Бөген, Қазалы ауданы Бозкөл және Кәукей, Қармақшы ауданы Жаңажол және Тұрмағамбет, Жалағаш ауданы Мырзабай, Сырдария ауданы Тоқмағанбетов, Шиелі ауданы Досбол, Алмалы, Тәжібаев, Тартоғай, Алғабас, Ортақшыл, Жаңақорған ауданы Жаңарық, Қызылорда қаласы Ақжарма ауылдық округтерінде 16 дәрігерлік амбулаторияның құрылысын жүргізуге жекеше әріптесті айқындау конкурстарын өткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, білім және спорт саласындағы жобаларды іске асыру жалғасады. Олар – Қызылорда қаласының «СПМК-70» ауданында 320 орынға және «Арай» шағын ауданында 280 орынға арналған балабақшалардың, Қызылорда қаласының «СПМК-70» ауданында 600 орынға арналған колледждің, Қызылорда қаласында 700 орынға арналған 2 студенттік жатақхананың құрылысы, Қазалы қаласында балаларға арналған лагерьді қайта жаңғырту, спорттық кешендерді жалға алу бойынша 20 жоба.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда қаласында бейнебақылау камераларын орнату және «ақылды» жол қиылыстарын құру МЖӘ жобаларын консультациялық қолдау жұмыстары жалғасады. Сондай-ақ, МЖӘ аясында Қызылорда қаласында «Қорқыт ата» әуе терминалының құрылысы бойынша жұмыстар жалғасатын болады. Жылуды үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында бірқатар әлеуметтік нысандардың бу қазандықтары газға ауыстырылады. Бүгінгі күнгі сұйық және қатты отынның бағасын ескере отырып, бұл жобалар бюджеттік қаржыны үнемдеуге мүмкіндік бермек. Бұл бағытта қосымша 9 МЖӘ жоба жүзеге асырылады, оның ішінде 7 жоба бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық шаралар жүргізілуде.



Сондай-ақ, аймақта «Тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешені мен полигон құрылысын салу және сыртқы инженерлік желілерді жеткізу» жобасы жүзеге асуда. Жобаның жалпы құны – 1,3 млрд теңге. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында бес жақты келісім-шарт жасалған. Атап айтқанда, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі, «Қызылорда тазалығы» ЖШС және «Техоснастка Ремсервис» ЖШС. Жобаның 50 проценті инвестор қаражаты есебінен. Кешеннің қуаттылығы жылына 60 мың тонна қатты қалдықтарды сұрыптауға жетеді. Кешен іске қосылғанда 40 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Облыста мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын жүзеге асыру бойынша Шиелі ауданы көшбасшы саналады. Аудан әкімі Әшім Оразбекұлы бұл жөнінде көптеген мәселелер шешімін тауып жатқанын жеткізді. Мәселен, 8 мектептің жылу қазандығы газға ауыстырылған. Осындай тиімді байланыстың арқасында аудандағы барлық ауылда амбулаториялық пунктер салынып бітеді. Екі спорт кешеннің құрылысы жүруде. Қысқасы, 21 нысан пайдалануға берілсе, тағы 11 нысан бойынша жұмыс атқарылуда.

Қазір МЖӘ байланыстың екі жаққа да тиімділігі барынша таразыға салынып, барлық жағдай ескеріліп отыр. Өйткені, бүгінгі таңда «Қазақстандық мемлекеттік-жеке әріптестік орталығы» АҚ «Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы» Заңының нормалары мен ережелерін мемлекеттік органдарға, әкімдіктер мен бизнес қауымдастықтарға кең көлемде түсіндіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізіп келеді. Облыс әкімдігінің 100 қызметкері осы орталықта біліктіліктерін арттырды. Сонымен қатар, облыстық мәслихатта бюджеттік бағдарламалар әкімшілері МЖӘ жобалары бойынша есеп беріп отырады. Онда жобаларды іске асырудағы тікелей және түпкілікті көрсеткіштері, тиімділігі және қажеттілігі көрсетіледі.

Осындай жұмыстардың арқасында өңірімізде мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастар жаңа деңгейге жол ашып отыр.

1-бет.

ЛЕБІЗ

# Сыр елі үшін үлкен қуаныш

**Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қазақстанның Еңбек Ері» атануы – шын мәнінде үлкен оқиға. Бұл жерде әңгіме еңбектің ерте не кеш бағалануында емес, ең бастысы – адамның лайықты екендігінде. Шынын айту керек, Әбеміздің шығармалары бірнеше буынды тәрбиеледі. Бір ғана буын емес, бірнеше буынды!**

Кеше ғана бүкіл қазақ елі болып тойлаған ағамыздың жасы – оған Құдайдың берген нығметі. Осындай жасқа келу де оңай емес. Әбекеңе анықтауыштың да көп керегі жоқ. Оның бұл атағы – өте лайықты, орынды баға деп есептейміз. Бұл – бір.

Екіншіден, Аллаға шүкір, біздің қазақта ірі, дара да дарынды, талантты, үлкен жазушылар аз емес. Кезінде мықты классиктер болған. Солардың қатары әлі де сиреген жоқ. Біз мақтанатын талантты жазушыларымыз баршылық. Бірақ, кешегі Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннен бері қарай, одан бергі Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндер бастауында тұрған «Алыптар шоғыры» деп аталатын тұлғалардың көзін көрген, тәрбиесін алған дарабоз – осы Әбекең.

Былайша айтқанда, Әбдіжәміл Нұрпейісов – қазақтың маңдайына біткен алыптар шоғырының соңғы тұяғы, олардың көзін көрген ардақтыларымыздың арасынан ортамызда жүрген аңызға айналған абызымыз.

Негізінде, көзі тірісінде көп адам аңызға айнала бермейді. Бұл кісі көп жазатын жазушылардың қатарынан емес. Аз жазады әрі саз жазады. Бір ғажабы – «Қан мен терді» бұл кісі әлі қарап, жөндеп жатыр. Мына заманның ағымын байқап, қайта ықшамдап шықты. Таяуда ағамыз өзінің жақында жарық көрген шығармалар жинағының 7 томдығын әкеліп берді. Сол 7 томдықта «Қан мен тердің» ықшамдалған, қысқартылған қазіргі нұсқасы берілген. Өткенде ағамыздың Алматыдағы кешінде өзіне қалжыңдап: «Енді қысқарта бермеңіз. Осымен тоқтаңыз», деп айтып жатырмыз. Бұл – ағамыздың еңбекқорлығының көрінісі.

Құдай адамға талант береді. Алла ағамызға сол талантымен бірге ғаламат еңбекқорлықты да берген. Өмірде өзінің талантына алданып, еңбек етпей, құдайдың берген қасиетінен, тіпті, барынан айрылып қалатындар да болады. Әбең – талант пен еңбекті ұштастырған адам. Бүгінгі биік дәрежеге жетуі – ең алдымен ерен еңбегінің арқасы.

Әбдіжәміл ағамыз небәрі үшақ шығарма жазды. «Курляндиядан» бастады. «Қан мен тер», «Соңғы парыз», «Сең» – осы үш дүниесімен бұл кісі тек ұлт әдебиетінің ғана емес, әлемдік әдебиеттің деңгейіне шықты. Биігіне көтерілді.

Әбеміз – қазақ жазушыларының ішінде Мұхтар Әуезовтен кейінгі әлемдік деңгейде мойындалған, әлемдік үлкен дәрежеге көтерілген жазушы. Бұл – шын мәнінде солай. Себебі, Нұрпейісовтің көтерген мәселелерінің барлығы – мәңгілік мәселелер. Әлемдік деңгейдегі мәселелер. Ағамыздың еңбектерінің адамзаттың ортақ құндылықтарының қатарына қосылып жатқаны да сондықтан. Осы себепті, оны барша адамзатқа ортақ құндылықтарды қаламына арқау етіп жүрген аса ірі пландағы суреткер деп қарауға болады.

Кеңес Одағының кезінде дүниежүзі классиктерінің басын құраған жазушылардың 200 томдығы жарық көрді. Францияның өзі бұлай шығармаған. Америка шығарғанымен, 100 томға да жетпейді. Осындай 200 томдықты Кеңес одағы ғана шығарды. Осы екі жүз томдықтың бір томы Әуезовке арналды. Әуезовтің сол томына «Ұстаз туралы сөз» («Слова об учителе») деп алғысөз жазған осы Әбдіжәміл Нұрпейісов болатын. Мұндай бақ екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейді.

Әбекеңнің ұлт әдебиеті мен руханиятына сіңірген еңбегі өз алдына, шығармаларының 35 тілге аударылуы – бұл өте сирек кездесетін құбылыс.

Сондықтан, бұл атақ Әбекеңе кеш берілгенімен, орынды берілген өте үлкен баға. Еліміздің ең жоғарғы атағы.

Әбеміз «тау тұлға», «ұлы жазушы» деген атақты жақтырмайтын адам. «Орыста «аса көрнекті» деген сөз бар. Мені солай атасаңдар жетеді» дейді өзі. Расында да, Әбдіжәміл Нұрпейісов – аса көрнекті қаламгер. Біз Әбеміз үшін өте қуаныштымыз.

Әсіресе, Сыр елі үшін бұл – өте үлкен қуаныш. Туған жердің қуанышы бөлек болады. Себебі, жазушы сол топырақтан шықты, өсіп-өнді. Әбеңнің бойындағы барлық құнарлы қасиеттер сол топырақтан дарыды.

Сыр елінің, туған жерінің қуанышы бүкіл Қазақстанның қуанышына ұласып жатыр.

Қуаныш құтты болсын дейміз! Ұзағынан сүйіндірсін! Әбе жасай берсін!

**Қали СӘРСЕНБАЙ,**
**жазушы.**



# Әдебиеттің алып күші

**Қандай да болсын әдебиеттің күші халықпен, оның өмірімен тығыз байланысында. Ұлттық әдебиетіміздегі үлкен және шын мағынадағы халықтың өкілі есебінде көрінетін биік тұлғалардың бірі – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармашылығы халық өмірімен терең байланыста жатыр. Өз шығармалары арқылы өмір шындығына тереңдеп барып, оның күрделі жайларын суреттеу, сол арқылы қоғамдық дамудың сырын ойлану әдебиеттің көркемдік мүмкіндігін кеңейтті.**

Жазушы шығармаларында реализмге негізделген туындыларды жасай отырып, романтикалық сарындарды да пайдалана білген. Сондай-ақ кейіпкерлердің өсу кезеңдері де өзара қарым-қатынас пен іс-әрекет үстінде көрсетіледі. Ауыл адамдарының психологиясы, кәсіптің ұңғыл-шұңғылдары, табиғат көріністері өзара үйлесімді қалыпта суреттеледі. Табиғаттың о бастағы уыздай уылжыған күйі, қоршаған ортаға ықпалы, бәрі-бәрі де жазушы назарынан тыс қалмаған. Жазушы бүкіл шығармашылық әдістің басым бағыты реализмге табан тіреген. Реализм – жазушы шығармасының басты өзегі болды.

«Қан мен тер», «Соңғы парыз» – өмірмен өзектес шығармалар. Шығарма тақырыбы – бүгінгі күні өзегі болған экология мәселесі. Экологиялық зәрулік қазірде жеке адамның, жергілікті жердің ғана емес, әлемдік деңгейде сөз болған мәселе. Романды жазушы 15 жыл жазды. «Қан мен тер» – символдық атау. Қан – өмір үшін күресті бейнелесе, тер – сол күрес жолындағы қиындықтар символы.

Трилогияда халқымыздың Қазан төңкерісіне дейінгі, кейінгі тыныс-тіршілігі, Азамат соғысының зардаптары, Кеңес үкіметінің орнауы, тарихи бетбұрыстар кезіндегі адамдар арасындағы қарым-қатынастар кеңінен суреттелген. Шығарманың үш негізгі кейіпкері – Еламан, Ақбала, Тәңірберген. Еламан – кедейліктен көз ашпаған, қарапайым балықшы. Тәңірберген – атақты бай, мырза. Ақбала – өзі сүйген жанды сүйе алмайтын жан. Романдағы жиынтық мінез кейіпкерлері арқылы қазақ халқының тағдыры суреттеледі.

Кейіпкердің образын даралау жолында жазушы психологиялық тәсілдерді молынан қолданған. Әр сөзі сұрыпталған. Тілі таза, көркем. Автордың ойы айқын. Шығармада образдылықпен қатар, ауыл өміріне тән типтік болмыс жақсы елестейді. Кешкі қоңыржай табиғат, үйді-үйге тараған балықшылардың жаяу-жалпы жүрісі, теңіздің баяу толқыны адам мен табиғат арасындағы үйлесімді көрсетеді. Кейіпкердің жай-күйін теңіз толқынымен байланыстыра отырып, әдебиет әлемінің шеберлігін оқырманға таныта түседі.

Шығармада кейіпкерлердің өзара қарым-қатынастарынан, көзқарас қайшылығынан, табиғат тартыстарынан туатын болмыстар шебер өрілген. Образ жасауда автор кейіпкердің екіжақты – физиологиялық және психологиялық құбылыстарын жете қамтып, адам бейнесін толымды жасаған. Жазушы өз еңбегінде адам мен өмірдің диалектикасын жүзіктің көзінен өткізгендей бере білген. Ұнамды кейіпкеріміздің диалогтары оның ішкі мінез, қайсар қылық, заңды әрекет болмысын аша түседі.

Қазақы ауыл тұрмысы, жоқшылық зардабынан басталған шығарма балықшылар тағдырын баяндаумен жалғасып, сол тағдырдың тартыс жолында саналы күреске шығып, ескі өмірінің күйреуі, жар сүйіп, бақыт тауып, жаңа өмірге қадам басуы – тағдыр талайына мойымаған, өмір күресімен бірге келетін жарық сәуленің тек күреспен келетінін сезген бейне арқылы көрсетеді. Қазақтың бүтіндей жаңа сипатта дамып келе жатқанын, адам тағдырының болмысын реалистік әдіспен оқырманға жеткізе білген «Қан мен тер», «Соңғы парыз» – шындықты бар сырымен ашқан туындылар.

Ә.Нұрпейісовтің шығармалары бүгінде қазақ әдебиетінің бай мұралары болып саналады. Теңізбен бірге жасасқан қаламгердің теңіз тағдыры мен қарапайым балықшы өмірін астастыра байланыстырған шығармалары әлемдік деңгейде өз орнын тапты. «Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өлмес шығармаларының біз әлі де тұңғиығына бойлап болған жоқпыз. Пушкин, Абай жайлы зерттеулердің тоқталмайтыны сияқты Әбең туралы әдеби әңгіме де ешқашан тоқтамайды», – деп жазушы Смағұл Елубай айтқандай, Ә.Нұрпейісов шығармашылығы қай тақырыпта сөз етсең де бүгінгі және келешек ұрпаққа таусылмас мұра. Ә.Нұрпейісов – әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс.

**Ақзираш ДИХАНОВА,**
**Арал қалалық**
**Т.Шевченко атындағы**
**№13 орта мектебінің**
**мұғалімі.**

# Аз өмір сүріп, көп іс тындырған тәлімгер

Біздің ауылдың арғы-бергі тарихында осы өңірдің өркендеп өсуіне өз өмірін сарп еткен тамаша есімдер бар. Солардың бірі – Иманберді әулетінің ұл-қыздары. Олардың әрқайсысы туралы бүгінгі ұрпаққа өнеге боларлық әңгіме шертуге болады. Ал, бүгінгі сөзіміз Кенжегүл Иманбердіқызы жайында болмақ.

Иманбердіден бес ұл – Құрманғали, Мырзағали, Құрманәлі, Арыстанбек, Алиарыстан және Кенжегүл есімді бір қыз өмірге келген.

Біз Кенжегүл апамызды Аққөке деп атайтынбыз. Оның себебі бес ұлдың ішінде жалғыз қыз және үйдің кенжесі болғандықтан болар.

Ол кісі Ұлы Отан соғысы басталардан бұрын «Жасқайрат» мектебінде мұғалім болып, математикадан сабақ берген. Қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін жете білетін және сол ұлт құндылықтарын өз бойына тоқыған ерекше болмысты, ер мінезді жан еді.



Жұмыс істей жүріп, педагогикалық техникумды және екіжылдық мұғалімдер институтын оқып бітірген. Алғыр, ашық мінезді, бала жанын жүрегімен ұғатын Аққөкем бүкіл ауылдың сыйлысына айналған. Сол кезде бұрын тек бастауыш болып келген «Жасқайрат» мектебінде оқушы саны көбейіп, мектеп жетіжылдық болады. Бұл мұғалім міндетін екі есе арттырып, күн-түн демей жұмыс істеуге тура келеді.

Ауыл азаматтары, ер мұғалімдер түгелдей майданға аттанған соң мектеп меңгерушілігі еңбек десе еңкейген белін жазбайтын адам әрі білімі жөнінен де озық Иманбердиева Кенжегүл апамызға жүктелген. Ол кезде мектеп директорын меңгеруші деп атайтын. Бұл кісі ең әуелі кадр мәселесін шешуге күш салған. Ол кездің жағдайы белгілі, оқу бітіріп бірінің артынан бірі келіп тұрған маман қайда? Себебі, ер мұғалімнің бәрі майданға кеткен. Сондықтан апай қыз балалардың қысқа курстарды оқып бітіруіне ықпал жасап, оларды жұмысқа алған. Осы кездері оқу жағдайы өте қиын болды. Мектеп үйі талапқа мүлде сай келмейтін. Пешке жаққан от быксып, балалардың көзін ашытатын, сынық терезелерден суық ысқырып тұратын. Оқу құралдары мен киім-кешектің жетіспеуіне тамақтың тапшылығы қабат келді. Кенжегүл апай қандай қиын жағдай болса да, төзімділік жасап, іскерлігін шындай біліп, білімділігі арқасында оқу саласын тоқтатпады.

Соғыс кезінде мұғалімдер тек білім беру ісімен айналысқан жоқ, шаруашылықтың да ауыртпалығын арқаға салды. Майданға аттанған ерлердің орнын жоқтатпай, мектептің жүгімен бірге колхоздың жұмысына жегілген Аққөкем балалардың оқуы мен тәрбиесін жан-тәнімен сезініп, ерекше еңбек еткен. Ол кезде ауылда мектептен басқа халыққа қызмет жасайтын орындар болмағандықтан барлық іс-шаралар, хабарламалар, үгіт-насихат жұмыстары осы мектепте өтетін болған. Соның бәрін жүргізу жас болса да, сауаты жетеді деп Кенжегүл апамызға тапсырылған екен. Ол кісі қазіргі тілмен айтқанда әйелдер кеңесінің төрайымы болды. Ауылдағы әйелдерді, жастарды біріктіріп, жүнді жудырып, тоқыма кеудеше, шұлық, қолғап тоқытып майданға жіберіп отырған. Оқушыларды шамасына қарай ересектермен бірге малдың қысқы азығын дайындауға, шөп шабуға, отын сындырып, егін жинауға, ал белі қатпаған бастауыштың оқушыларын ауыл үлкендеріне соғыстан келген хаттарды оқып беріп, олардың жауабын жазуға жұмылдырған.

Сол кезде соғыстан ауыр жарақат алған ер адамдар да елге келе бастады. Оларға көмектесу де мектеп басшысы Кенжегүл апамызға жүктелді. Ал, елдегі білім қуған жастар қандай қиыншылық болса да төзе отырып білім алуын тоқтатпады, қайта шыңдала түсті.

Кенжегүл апамыздың сабағын алған сол кездегі оқушылардың көбі математика мамандығын таңдаған екен. Соның бірі Сырдария ауданының оқу-ағарту бөлімінің бас инспекторы Шаумен Есмағанбетов еді. Ол кісі өзінің өткен күндерін еске алып: «Иманбердиева Кенжегүл апайдың шәкірті болып, білім алғаныма мақтанамын. Мені өмірге шыңдап, адал нан жеуге, қиыннан қорықпай, батыл шешім қабылдауға, әр бастаған істің шешімі болатынын, ол үшін шыдамдылық жасау керек екенін үйретті. Кенжегүл апайымыздың әр сөзі, әрбір ісі әлі күнге көз алдымызда, біздің жүрегімізде мәңгі сақталады» – дейтін.

Шәкірттерінің ғана емес, барша ел-жұрттың есінде қалған аяулы жан, ұлағатты ұстаз 1960 жылы 14 маусымда, бар-жоғы 37 жасында бақилық болды. Оның асыл бейнесі туған жерінің тұғырында тұруға лайық. Еліміздің бүгінгі бақытты кезеңі осындай жанкешті, адал, алып күш-жігер иелерінің ерен еңбегімен қалыптасқанын біз ұмытуға тиіс емеспіз.

**Күләш АРЫСТАНБЕКҚЫЗЫ,**
**ардагер-ұстаз,**
**Білім беру ісінің үздігі.**

## Хабарландыру

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ атынан «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалы, (120003 Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан, 1) сату бойынша ашық тендердің өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатуға ұсынылған активтің тізімін (тауарлық материалдық құндылықтарды – ТМҚ) 8-777 717-77-57 телефонына немесе Тендерлік құжаттамалармен бірге shamshiyev_a@ktga.kz электрондық поштасына хабарласу арқылы ала алады.

Өткізу нысанымен танысу күні, уақыты және реттілігі 2019 жылғы 07-14 қараша күндері сағат 14:00-ден 17:00-ге дейін;

Кепілдемелік жарнасыз.

Тендер арқылы сатылуға қойылған жылыту құралдарының құны, сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін он банктік күн мерзімде 100% мөлшерінде төленеді.

Өткізу шарттары, техникалық ерекшеліктері және қойылатын басқа да талаптар тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Ашық тендерге қатысуға «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ активтерін сату Ережесінің 2.2.3-тармағында көрсетілген талаптарға сай келетін барлық қатысушылар жіберіледі.

Тендерлік құжаттама көшірмесінің топтамасын 2019 жылдың 15 карашасын қоса алғанда мына мекен-жайда: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4 қабат) 417 кабинеттен, күнделікті сағат 10.00-ден 17.00-ге (түскі үзіліс 12:00-ден 13:30-ға дейін) дейін алуға болады, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.

Тендерге қатысушы ретінде тіркелуге төмендегі құжаттарды тапсыру қажет: Тендерге қатысуға бекітілген үлгідегі өтінім, паспорт немесе жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі, өкілдің уәкілеттілігін растайтын құжат және СТН көшірмесі;

Заңды тұлғалар жарғының нотариалды расталған көшірмелерін және заңды тұлғаның тіркелуі туралы куәлігін, қатысушының банктік реквизиттерін, ал акционерлік қоғамдар – акционерлер тізілімінен жазбасын қосымша тапсырады.

Тендерлік құжаттама қатысушыларға тегін беріледі.

Тендерлік өтінімдерді тапсырудың түпкілікті мерзімі – 2019 жылғы 20 караша күні сағат 17:00-ге дейін.

Қатысушылар ашық тендерге қатысу үшін тендерлік өтінімдерді жабулы конверттерде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалына мына мекен-жай бойынша: Қызылорда қ. Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1 үй, (4 қабат) 417 кабинетке тапсырады (жібереді).

Тендерлік тапсырыстар салынған конверттер 2019 жылғы 21 карашасы күні сағат 10:00-де мына мекен-жайда ашылады: Қызылорда қ. Бейбарыс Сұлтан, 1 үй, (4-қабат) 417 кабинет.

Қатысушылар, бұқаралық ақпарат құралдары және олардың өкілдері тендер өтінімдері салынған конверттердің ашылуына қатыса алады. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тендер комиссиясының отырысына қатысуға арналған сенімхаттары болуы тиіс.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 8(7242) 55-17-42, 55-17-44.

**«ҚазТрансГаз Аймақ»**
**Қызылорда өндірістік филиалы.**

*(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)*

## Хабарландырулар

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы 2019 жылдың 04-05 қарашасында **«Бастау» жобасы бойынша** тегін оқу курсының 6-легіне қабылдау үшін тестілеу өткізілетінін хабарлайды. Жоба қала/аудан тұрғындарын кәсіпкерлік дағдыларына оқытуға бағытталған. 18 жастан бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыз азаматтарды, өз бизнесін ашқысы келетін жұмыссыздарды, сондай-ақ бизнесті кеңейтуге мүдделі, жұмыс істейтін кәсіпкерлерді (3 жылға дейінгі) оқуға шақырады.

Жобаға қатысу үшін тестілеуден өту қажет, оның нәтижесі бойынша топқа іріктеу жүргізіледі.

Толық ақпарат алу үшін келесі мекен-жайларға хабарласуға болады:

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы: Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 12, телефон: 8/7242/400981, сайт: www.atameken.kz.

**Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарының мекен-жайлары:**

**Арал ауданы** – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, 46 үй, тел.: 8/72433/79199;

**Қазалы ауданы** – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, 9 «а» үй, тел.: 8/72438/79243;

**Қармақшы ауданы** – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, 36 үй, тел.: 8/72437/79120;

**Жалағаш ауданы** – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, 47 «а» үй, тел.: 8/72431/79199;

**Сырдария ауданы** – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, 12 «а» үй, тел.: 8/72436/79179;

**Шиелі ауданы** – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, 5 үй, тел.: 8/72432/ 79255;

**Жаңақорған ауданы** – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, 134 «а» үй, тел.: 8/72435/79120.

**Анықтама телефондары: 40-02-02, 40-09-81.**

***

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы **«Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау»** компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

www.services.atameken.kz порталы арқылы қызметтер онлайн негізде көрсетіледі.

**Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді офлайн түрде алуға болады:**

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;

2. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;

3. Заң қызметтері;

4. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер.

**БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТЕГІН НЕГІЗДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**

Толығырақ мәліметті Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 12 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығынан алуға болады.

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының аудандарда орналасқан филиалдары жанындағы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпкерлердің өтініштеріне сәйкес ұсынылады.

**Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:**

**Арал ауданы** – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

**Қазалы ауданы** – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;

**Қазалы ауданы** – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;

**Қармақшы ауданы** – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

**Жалағаш ауданы** – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;

**Сырдария ауданы** – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, № 12 А үй, тел.: 8/72436/79179;

**Шиелі ауданы** – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/ 79255;

**Жаңақорған ауданы** – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №171 үй, тел.: 8/72435/79120;

**Қармақшы ауданы** – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.**

**Call-Center - 1432.**

***

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін **АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНАДЫ.** Кәсіпкерлерді ақпараттық қамту қызметі бастауыш және әрекет етуші кәсіпкерлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

**ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ НЕГІЗДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**

**Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайлары:**

**Арал ауданы** – Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

**Қазалы ауданы** – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/ 79243;

**Қазалы ауданы** – Қазалы қаласы – Жалаңтөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;

**Қармақшы ауданы** – Жосалы кенті, Көшербаев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;

**Жалағаш ауданы** – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/ 79199;

**Сырдария ауданы** – Тереңөзек кенті, Қонаев к-сі, № 12 А үй, тел.: 8/72436/79179;

**Шиелі ауданы** – Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/ 79255;

**Жаңақорған ауданы** – Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №171 үй, тел.: 8/72435/79120;

**Қармақшы ауданы** – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02.**

**Call-Center - 1432.**

## Қоғамдық тыңдау өткізіледі

«Охотзоопром» ӨБ республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорығының шекарасын кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2019 жылдың 28 карашасында Қызылорда қаласы, А.Тоқмағамбетов көшесі 38, «Sultan Plaza» қонақ үй кешенінде өткізіледі.

Қоғамдық тыңдау сағат 15.00-де басталады. Қатысушыларды тіркеу сағат 14.30-15.00.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан жауапты – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7242) 23-54-87, e-mail: info@prd.orda.gov.kz, prd@korda.gov.kz

Жобаға тапсырыс беруші – «Охотзоопром» ӨБ РМҚК. Алматы қ., В. Бартольд к., 157 В, тел.: +7 (727) 224 -81-43, e-mail: ohototdel@mail.ru

Жобаны дайындаушы – «Терра» қашықтан зондылау және ГАЖ орталығы» ЖШС. Алматы қ., Мәуленов к., 133, 26-кеңсе, тел.: +7 (727) 293-94-27, e-mail: utyasheva71@mail.ru

«Охотзоопром» ӨБ РМҚК шараға қатысқысы келетін барлық азаматтарды қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Барлық мүдделі тұлғалар жоба бойынша материалдармен «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ https://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz интернет-сайтында таныса және өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын ohototdel@mail.ru, utyasheva71@mail.ru электрондық почта мекен-жайларына жолдай алады.

Жоба материалдарының қағаз түрінде келесі мекен-жай бойынша таныса аласыз: Алматы қ., Көк-Төбе шағын ауданы, Роза Бағланова к., 83 үй.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы Экологияны реттеу және бақылау комитеті жүргізеді.

Барлық сұрақтарды +7 (727) 293-94-27 телефоны арқылы қоюға болады.

## Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабының және ҚР ҚОҚМ 07.05.2007ж. №135-п бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережелерінің» 9-пунктінің талаптарын орындауда «Қазгермұнай» БК» ЖШС төмендегі жобаларға «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау» жобалары бойынша қоғамдық пікір есебін жүргізетінін хабарлайды:

- «Орталық Ақшабұлақ кен орнындағы №517 көлбеу бағытталған су айдау ұңғымасы құрылысының техникалық жобасы»;
- «Орталық Ақшабұлақ кен орнындағы №513 көлбеу бағытталған су айдау ұңғымасы құрылысының техникалық жобасы»;
- «Орталық Ақшабұлақ кен орнындағы №509 көлбеу бағытталған су айдау ұңғымасы құрылысының техникалық жобасы»;
- «Орталық Ақшабұлақ кен орнындағы пайдалану бағалау ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасы»;
- «Нұралы кен орнындағы пайдалану бағалау ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасы»;
- «Шығыс Ақшабұлақ кен орнындағы пайдалану бағалау ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасы»;
- «Орталық Ақшабұлақ кен орнындағы су айдау ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасы»;
- «Оңтүстік Ақшабұлақ кен орнындағы пайдалану бағалау ұңғымалары құрылысының топтық техникалық жобасы».

Қоғамдық пікірлердің есебін жүргізудің түрі жазбаша ұсыныстар мен ескертулер жинау жолымен өткізу анықталды.

Жоғарыда аталған жобалармен мына мекен-жай бойынша: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі 100, тел.: 8 (7242) 600-115 танысуға болады, сонымен қатар жергілікті атқарушы органның интернет-ресурс сайтында таныса алады: www.e-kyzylorda.gov.kz

Жобаға тапсырыс беруші: «Қазгермұнай» БК» ЖШС, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі 100, тел.: 8 (7242) 600-115, электронды поштасы ABaratova@kgm.kz

Жобаны әзірлеуші: «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС «Каспиймұнайгаз» филиалы, Атырау қаласы, Жарбосынова көшесі, 89а, тел.: 8 (7122) 30-54-43, электронды поштасы: Amrina.a@llpcmg.kz

Барлық ұсыныстар мен ескертулер ABaratova@kgm.kz, Amrina.a@llpcmg.kz пошталары арқылы қабылданады.

**«Қазгермұнай» БК» ЖШС.**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

# Қырманға кел, қалқатай!

**Еңбеккерлер ауылы Дүр Оңғардағы қырман басында қызу тірлік. Диқандардың ала жаздайғы еңбегінің ортаға үйілген. Білегін сыбанып, қолына күрек ұстаған қыз-келіншектер де осында. Жасы да, жасамысы да еңбектің өнегесін бойына сіңірген. Биыл «Жаңажол» серіктестігі 3050 гектар жерге егін екті. Оның әр гектарынан 75 центнерден өнім жинады.**

Дәулет ҚЫРДАН.



Маржан Қарабалаеваның шаруашылықта жүргеніне он жылдан асты. Осында қыз-келіншектермен бірге ән шырқап жүріп жұмыс істейді. Әр күнді еңбекпен көңілді ететін олардың ортасы ерекше. Нәзікжандымыз деп тартынбайды, қолына кетпен, күрек, айырдың қайсысын болмасын, ұстап, іске кіріседі.

– Жылғалардан қар еріп, көктем келісімен жұмысқа шығамыз. Содан қара күздің соңына дейін қырмандамыз. Өзім Батыр анамын. Балаларым өз орнын тапқан, – дейді ол.

Маржан апайдың ізін қуып, өкшесін басып жүрген жастар да жеткілікті. Соның бірі – Қаршыға Баймаханова. Бір жыл бұрын қырман басындағы қарбаласқа араласа бастаған. Бұл күнде бір-біріне сырлас болған келіншектердің еңбегі ерлерден бір мысқал да кем емес.

– Қолына айыр ұстап, шөп престі әперуде де, алқапта арам шөп жұлуда да, қырманда күріш тазалауда да – қай-қайсысында да жүре береді. Жұмысты жынысқа бөлген емес. Шаруашылықта 400-дің үстінде жұмысшы бар. Солардың арасында бұл кісілер ерекшелеп айтуға болатын жандар, – дейді қырман меңгерушісі Бекзат Пірдашев.

Бір ерекшелігі, Дүр Оңғар ауылының тұрғындары жұмысты сырттан іздемейді. Шаруашылық болғалы ауылдағы әрбір үйден кем дегенде бір адам серіктестікте жұмыс істейді. Тәртіпті бірінші орынға қойған елді мекеннен қоныс аударатындар да мүлдем жоқ десе де болғандай. Берекесі артып, түтіні түзу ұшқан ауыл жастарының бірен-сараны ғана аудан орталығында еңбек етеді. Жаңа заманғы технологияларды өндіріске енгізген бұл ауылдың қырманында су жаңа диірмен жұмыс істеп тұр.

– Сағатына 4 тонна өнім өңдейміз. Тек осы ауылдың күріші ғана тартылады. Көне диірмен бір сағатта 2,5 тонна өнім беретін. Қазіргісі әлдеқайда қуатты әрі көп жұмыс күшін қажет етпейді. 4 адамнан екі ауысым жұмыс істейміз. Автоматтандырылған жүйемен барлығы 8 адам ғана осында. Уақыт та, жұмысшы да үнем, – дейді диірмен басшысы Мұратбек Жұмабаев.

Ауыл – қазақтың қарашаңырағы. Тұтас республиканы азық-түлікпен қамтамасыз ететін алтын ұямыз да – сол. Тұрғыны көшпейтін, еңбектен қашпайтын елді мекеннің көрінісі расымен кісі қызығарлықтай екен.

Қармақшы ауданы.

ЖӘДІГЕР

# Батыр сыйлаған қылыш

**«Орынбет ишан» мешітінің имамы, Дәрменқұл ишан мен Орынбет ишанның тікелей ұрпағы Ғабдулла қажы Инятуллаұлы айтқан аңызға бергісіз оқиға желісін құмарта тыңдап отырмын.**

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.



– Қол бастаған батырлардың жанына ғұлама, дана адамдар еретіні тарихтан мәлім. Оларды ел-жұрт әулие санаған. Жанқожа бабамыздың пірі алғашқыда ел арасында Сәйеке атанған ишан болған. Кейін ханның шақыртуымен Хиуаға барып, сол жақта хазірет болып қалыпты. Орнына Дәрменқұл ишанды қалдырып кетеді. Дәрменқұл ишан Жанқожа бабамыздың қасында 40 жылға тарта бірге жүреді. Ишан атамыз батыр бабамыздан біраз жылдан соң дүниеден озған. Пір дегенді – діннің оқуын толық тауысқан, асқан ғұлама, рухани ұстаз деп түсінген жөн. Жәкең тақуа, өте таза адам. Пірдің батасын алмай ешқашан жауға шаппаған, – деп бастады Ғабдулла қажы сөзін.

Қылыштың тарихы да қызық. Хиуа ханы Жанқожа бабамызға қос алмас қылыш бастаған мол тарту-таралғысымен «Орыстар мұсылмандардың жеріне дендеп еніп барады. Қазалы бекінісін салды. Онымен де тоқтайтын түрі жоқ. Жанқожаның батырлығы, сарбаздарының мықтылығы алты Алашқа мәлім. Батыр кәпірлерге қарсы ғазауат бастасын, біз көмек берейік. Діні бөлек жауға бірге аттанайық» деп елші жіберіпті.

Жанқожа батыр:

– Хиуа ханы ғазауатқа бірге шығайық. Мұсылманның туын сен көтер деген өтінішпен тағы да елші жіберіпті. Не істегеніміз дұрыс? – деп пірімен ақылдасады.

Сонда Құран кітап ашқан Дәрменқұл ишан:

– Батыр, бұған дейін де хиуалықтардың арандатуымен жорыққа шығып, опық жегенің бар ғой. Бұлардың көздеген ниеті жаман. Сені оққа байламақшы. Өзгенің қолымен от көсеп, қазақтарды қырғынға ұшыратып, қанға бөктіруді ойлап отыр. Жаушыларды салт-дәстүрімізге сай күтіп, осы пәтуаны айтайық, – деп тоқтау салыпты.

Елшілерді сол уәжбен аттандырған соң Жанқожа батыр:

– Сіз діннің адамысыз. Десе де, қазір аласапыран кезең. Осы қылыштың бірін өзім алып, екіншісін сізге сыйлаймын. Ұсталықтың, темірдің пірі Дәуіт пайғамбарды есіңе алып жүргейсің, – деп хиуалықтардың тартуы – қылыштың бірін Дәрменқұл ишанға беріпті.

Бұл қылыштың жеңіл қылыш деген түрі екен. Салмағы үш келі. Құрыш сауыттың ішінен мойынның күре тамырын шауып, кесуге арналған. Ұшы мұқият қайралыпты.

Осынау қасиетті жәдігерді сақтау да Дәрменқұл ишанның ұрпақтарына оңайға түспепті.

Қызыл империяның тұсында Қазалыдағы Асандар көтерілісін өкімет аяусыз басып-жаншыған соң қожа-молдалардың небір зұлматты бастарынан өткергені естеріңізде шығар? Жанқожа батыр піріне сыйға тартқан қылыштың қыны аласапыранда қолды болыпты. Ал қылышты қызылкөздердің назарына ілікпесін деп қақ ортасынан сындырып, шағын қобдишаның ішінде ұзақ жылдар бойы құпия сақтапты. Еліміз тәуелсіздік алғанда қайта біріктілген қылыш ақыры өзінің заңды иесін тапты.

Ғабдулла қажының рұқсатымен қылышты ұстап көрдім. Кезінде Жанқожа бабамның қарулы қолы қыса ұстаған, батырдың пірі Дәрменқұл ишанның саусағының ізі түскен қылыш. Арада бірнеше ғасыр өткенде батыр мен ишанның ұрпағы жүздесіп, бабалары бастарынан өткерген ортақ оқиғаны осылайша жалпақ жұртқа жарияладық.

Қазалы ауданы.
Ү.Түктібаев ауылы.

МҮШӘЙРА

**Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен «Қызылорда қаламгерлерінің қауымдастығы» ҚБ және «Сыр медиа» ЖШС талантты да тағдырлы ақын Әділ Ботпановтың 50 жасқа толу құрметіне арналған облыстық жыр мүшәйрасы өтетінін хабарлайды.**

# «Әділдің жыр әлемі – жүрегімде»

**Мүшәйраның шарттары:**

1. Мүшәйраға жасы 18-40 аралығындағы ақындар қатыса алады.
2. Олардың өлеңдері алдын ала арнайы комиссияның іріктеуінен өтеді. Іріктеуде жарамсыз деп табылған шығарма мүшәйраға жіберілмейді.
3. Шығармалар мүшәйра талабына сай болуы керек (талап осы анықтамада қоса беріліп отыр).
4. Мүшәйра жеңімпазы 1, 2, 3-ші орынмен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады (сыйлық ақшалай).
5. Қазылар алқасы белгіленген орынның немесе сыйлықтың санын еселеуге, керісінше қысқартуға құқылы.
6. Шығармалар мына мекенжайға қарашаның 15-не дейін түсуі тиіс:



Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 «А», «Сыр медиа» ЖШС ғимаратының 2-қабаты, 210-бөлме. e-mail: aiashuly_62@mail.ru

**Мүшәйра талабы:**

**а) Ақын 2 өлең оқиды (бірі – арнау, бірі – еркін өлең).**

**ә) Қатысушының бірінші өлеңі тағдырлы ақын Ә.Ботпановтың болмысын ашуы тиіс немесе ол шығарма ақындық қасиетке арналады.**

**б) Қатысушының киім киісі, өлең оқу мәнері, көрерменмен арақатысы, яғни, аудиторияны назар аудартa білуі есепке алынады.**

**Ұйымдастыру алқасы.**

EGOV БҰРЫШЫ




1 қарашадан бастап өз атыңыздан үшінші тұлғаларға мекенжай мәліметтерін көруге рұқсат беретін сервис қызмет көрсете бастайды. Оның қалай жұмыс істейтінін бүгін #OqyToqy айдарында толығырақ айтып береміз!

Egov.kz порталында қызмет қалай аталады?

• Үшінші тұлғалардың анықтамаларды алу сервисі

Қызметті онлайн қалай алу керек?

• Өз атыңыздан үшінші тұлғаларға мәліметтерді көруге рұқсат беру үшін мәліметтерді сұратушы тарап порталда авторизациядан өтіп немесе тіркеліп, қызметке онлайн тапсырыс беру батырмасын басуы керек;

• Сұрау жасатқан тарап сіздің ЖСН-іңізді енгізуі қажет;

• Берілген анықтамалар мен қызметтер ішінен «Мекенжай мәліметтерін сұрату» қызметін таңдап, ЭЦҚ-мен немесе смс-пароль көмегімен қол қоюы керек;

• Бұл ретте, сізге келген смс-хабарламада үшінші тұлғаның сіздің атыңызға мәліметтерді сұратқаны және оған рұқсат беруіңізді сұрайды. СМС-ке жауап 2 сағат ішінде берілуі керек.

!!Ескерту: Жүйені пайдалану үшін сұратушы тарап пен мәліметтерді ұсынуға рұқсат беруші тараптың ЭЦҚ немесе мобильді азаматтар базасында тіркеуі болуы шарт.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

LATYN QARPIN ÚIRENEMIZ

## Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйретуді бастады. Бүгін сабақтың – **он тоғызыншы күні.**

Сонымен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы мамандарының Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында дайындаған «Жаңа қазақ әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Берілген тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk_kzl@mail.ru (тел.: 70-06-81) электронды поштасына жолдап, марапатқа ие болыңыздар!

## Qurmetti oqyrman!

Qyzylorda oblysynyń tilderdi oqytý ortalyǵy mamandarynyń Qazaq álipbiin latyn grafikasyna 2025 jylǵa deiin kezeń-kezeńmen kóshirý jónindegi respýblikalyq is-sharalar josparyn júzege asyrý maqsatynda daıyndaǵan «Jańa qazaq álipbiinde jazýǵa daǵdy qalyptastyratyn jumys dápterin» belsendi oryndaýǵa shaqyramyz. Usynylǵan ádistemelik qural latyn grafikasyna negizdelgen qazaq álipbiiniń áripterin jazýǵa úıretedi. Grafikalyq tapsyrmalardy oryndaý arqyly til úırenýshi áripterdi durys jazýdy jáne olardyń baılanysyn ajyratýdy meńgeredi.

Berilgen tapsyrmalardyń jaýaptaryn tilortalyk_kzl@mail.ru (tel.: 70-06-81) elektrondy poshtasyna joldap, marapatqa ıe bolyńyzdar!

**Jumys dápteri**

Aty-jóni:________________________________

# Óó

**1.Áripti jazyńyz**

Ó________________________________

ó________________________________

**2. Sózderdi oqyńyz. Qajetti áripti jazyńyz.**

*_rik, _rmekshi, _rt, s_k, _mir, k_rme, s_re, _rleý, _kshe, _lsheý, _rkesh, t_r, _rken, _rmele.*

**3. Sóilemdi kóshirip jazyńyz.**

*Ótegen órmek toqydy.*

________________________________

Balalar órik jınady.

________________________________

Atuı balalarǵa ósıet aıtty.

________________________________

**4. Sýretterdi sıpattap sózben jazyńyz.**











________________________________

**5. Sýretti sıpattańyz.**



________________________________

«Қазақстан» Республикалық Телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалы ұжымы «QYZYLORDA» телеарнасының бас бухгалтері Қайырбай Арынғазы Ыбырайұлына анасы

**Озипаның**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 29434** **Тапсырыс №1709** | Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАСОВ.**